



Республикалық жастар газеті Ақмешіт ЖАСТАРЫ

Газет 2013 жылдың
қыркүйек айынан
бастап шығады

...Мен
жастарға
сенемін!

Мағжан



№32 (672)
6 ТАМЫЗ,
БЕЙСЕНБІ
2026 ЖЫЛ

10 ТАМЫЗ — АБАЙ КҮНІ



АБАЙ ЖАҚҚАН БІР СӘУЛЕ СӨНБЕУ ҮШІН!

10 тамыз – Абай күні. Бұл атаулы күн 2020 жылдан бастап Қазақстанда ресми түрде атап өтіліп келеді. Ұлы ақын, ойшыл, ағартушы Абай Құнанбайұлының рухани мұрасын дөріптеу мақсатында белгіленген мереке Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен бекітілді. Абай күніне орай қазақ әдебиетінің темірқазығына айналған хакімге арнап жазылған әр кезең қаламгерлерінің жүрекжарды жырларын назарларыңызға ұсынып отырмыз. Кешегі һәм бүгінгі ақындардың арнау өлеңдері – Абай тұлғасына деген шексіз құрметтің, оның мәңгілік мұрасына деген тағзымның көрінісі.

5-БЕТТЕ

Ғылым мен техниканың дамуы адам өмірінің барлық саласына үлкен өзгеріс әкелуде. Цифрлық технология, жасанды интеллект және автоматтандыру жүйелері жұмысты жеңілдетіп қана қоймай, кейбір мамандықтың біртіндеп жойылуына себеп болуда. Бұрын қоғам үшін аса маңызды болған кәсіптерге қазір сұраныс азайған. Заман талабына сай мамандықтың да өзгеруі заңды. Тақырыпты кеңінен талқылап көрелік.

БҮГІН БАР, ЕРТЕҢ ЖОҚ...

КОЛЛАЖ А.НҰР

КОЛЛАЖ А.НҰР



4

Берік САНСЫЗБАЕВ:



МЫҚТЫ КОМАНДА ДЕНГЕЙІНЕ ЖЕТКІЗГІМ КЕЛЕДІ

Әйелдер футболы Қазақстанда жыл сайын қарқын алып, бәсекелестік жоғарылап келеді. Биылғы маусымда жанкүйерлер назарын өзіне аударған командалардың бірі – Қызылорданың «Қайсар» қыздар командасы. Турнирлік кестеде үздік үштіктің қатарында келе жатқан ұжым тұрақты ойынымен, тәртіпті тактикасымен және жеңіске деген жігерімен ерекшеленіп отыр. Бұл нәтиженің артында күнделікті еңбек, жүйелі дайындық және бапкерлік құрамның тынымсыз жұмысы жатыр.

Команданың қазіргі жағдайы, маусым барысы, алдағы мақсат-міндеттері мен әйелдер футболының дамуы турасында «Қайсар» қыздар командасының бас бапкері Берік Сансызбаевты ашық әңгімеге тартқан едік. Білікті маман команданың бүгінгі аяқ алысы, ойыншылардың әлеуеті, кездескен қиындықтар мен алдағы жоспарлары жөнінде кеңінен бөлісті.

8

МАМАНДЫҚ ТАНДАУДА ШЕКТЕУ ЖОҚ




4

БЕС БАЛАҒА 500 МЫҢ ТЕҢГЕ ЖҰМСАДЫМ

6

August



КОЛЛАЖ А.НҰР

Иә, қызметтің түріне қарай жұмыс кестесі де әртүрлі болады. Бірі ауысыммен еңбек етеді, енді бірі аптаның алты күнінде жұмыс орнында болады, тағы бірі икемді графикпен істейді. Дегенмен еңбек нарығында кең тараған тәртіптің бірі – бес күндік жұмыс аптасы. Бес күн жұмыс істеп, екі күн демалу көпшілікке үйреншікті қалыпқа айналған. Енді бұған да балама ұсынылды. Ол – төрт күн жұмыс істеп, үш күн демалу.

БІР ЖҰМЫС КҮНІ

КЕМІГЕНДЕ...

3

9 ТАМЫЗ — ҚҰРЫЛЫСШЫЛАР КҮНІ

ҚҰРЫЛЫСШЫ — ҚАЛА КЕЛБЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРАТЫН МАМАН

Һакім Абай «Сен де бір кірпіш, дүниеге, кетігін тап та, бар, қалан» дейді. Өмірден өз орнын тауып, бағыт-бағдарын айқындауды кірпіш болып қаланумен теңеп тұр. Өйткені, тура мағынасындағы кірпіштің қалануында жатқан үлкен жауапкершілік бар.

Осы жексенбіде үлкен мереке. Құрылысшылар күні. Алып шаһарды қолмен қойғандай жасап жатқан кәсіп мамандардың мінберге көтерілетін күні. Біз осы күнді назардан тыс қалдырмай, құрылысшылармен кездесіп қайттық.



КОЛЛАЖ А.НҰР

7

СӨРЕДЕГІ ЗАТТЫҢ 50 ПАЙЫЗЫ ОТАНДЫҚ БОЛУЫ ТИІС

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында отандық тауарларды қолдау және ілгерілетуде атқарылған шаралар талқыланды. Отан облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев селекторлық режим арқылы қатысты.

Үкімет отырысынан кейінгі мәжілісте аймақ басшысы көлік-логистика саласындағы бастамаларға, Қызылорда қаласында жүзеге асып жатқан жобаларға тоқталды.

– Жуырда Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлының қатысуымен еліміз үшін ең маңызды жобалардың бірі «Қызылорда – Сексеуіл», «Ұлғайсын – Сексеуіл» және «Бейнеу – Сексеуіл» автокөлік жолдарының құрылысы бастау алды.

Біз Мемлекет басшысының тапсырмасын тиісті деңгейде орындап, жобаларды белгіленген мерзімде ел игілігіне табыстауымыз керек. Сондықтан жол саласына жетекшілік ететін сала басшылары жұмысты қатаң бақылаңыздар. 1-2 тамыз күндері өңірімізге

Премьер-министрдің бірінші орынбасары Нұрлыбек Машбекұлы жұмыс сапарымен келді.

Президент саябағы аумағындағы көпқабатты тұрғын үйлерді, жаңа драма театр мен Президенттік кітапхананы, «Қызылорда Арена» спорт кешенін, Титов және сол жағалаудағы медициналық нысандарды көріп, мердігер мекемелерге тапсырма берді. «Tau Group» серіктестігінің өндірістік алаңында жаңа инвестициялық жобалармен танысты. Жауапты басқармалар Қызылорда қаласы әкімдігімен бірлесіп, құрылыс сапасын бақылау, инвестициялық жобаларды жан-жақты сүйемелдеу керек, – деді аймақ басшысы.

Отандық тауарларды ілгерілетуде



өңдеу өнеркәсібі, сауда және ауыл шаруашылығы салаларына тұрақты қолдау көрсетіліп келеді.

– 2025-2026 жылдары өңдеу

өнеркәсібі мен сауда саласына 32 млрд теңге, ауыл шаруашылығына 60 млрд теңге қаралды.

Бұдан бөлек, жыл сайын «Даму»

қоры отандық кәсіпкерлерді қолдауға қомақты қаржы бөледі. Бизнестің берілген қаржы мақсатты жұмсалып, салық базасын ұлғайтуға, тұрақты жұмыс орындарын ашуға оң ықпалын тигізуі қажет. Қолдауға ие болған сауда субъектілері заңнамаға сәйкес сауда нысандарындағы сөре кеңістігінің кемінде 50 пайызын отандық тауарлармен толықтыруы тиіс. «Даму» қоры, бұл бағыттағы жұмысты толық зерделеніздер, – деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Сондай-ақ, мәжілісте отандық тауар өндірушілердің өнімдерін кедергісіз өткізу, өндірілген тауарларды ішкі нарықпен қатар онлайн платформаларда сатуды жандандыру, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бағасын тұрақтандыру мәселелері қаралды.

Қызылорда облысы әкімінің баспасөз қызметі

Қызылорда облысында ветеринария саласын дамыту, эпизоотиялық тұрақтылықты сақтау және ауыл шаруашылығы жануарларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында жұмыстар жүйелі түрде жүзеге асырылуда. Саладағы қызметтің материалдық-техникалық базасы жаңарып, алдын алу және диагностикалық шаралардың тиімділігі артып келеді.

ВЕТЕРИНАРИЯДА 800-ДЕН АСТАМ АДАМ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ



Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында Қызылорда облысының ветеринария басқармасының басшысы Шахмардан Қойшыбаев мәлімдеді.

Бүгінде өңірдегі ветеринариялық қызметті 8 коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын мен 139 ветеринариялық пункт қамтамасыз етеді. Мұнда 800-ден астам маман еңбек етеді. Биыл аса қауіпті 13 жұпалы аурудың алдын алуға бөлінген 4,4744 млн доза ветеринариялық препарат аудандарға толық жеткізіліп, алдын ала егу жұмыстары 100 пайыз орындалған.

– Эпизоотиялық тұрақтылықты сақтау ветеринария саласындағы басты міндеттердің бірі. Барлық алдын алу шарасы жоспарға сәйкес жүргізіліп, бүгінде облыста эпизоотиялық жағдай тұрақты қалыптасып отыр. Мал ауруын анықтау мақсатында диагностикалық жұмыстар да тұрақты жүргізілуде. Биыл жыл

басынан бері 864,5 мың ауыл шаруашылығы жануары бруцеллезге тексерілді. Нәтижесінде ауру белгілері анықталған 37 ірі қара мен 9 ұсақ мал белгіленген тәртіппен жойылды. Сонымен қатар жыл басынан бері облыста 253,6 мың бас мал бірдейлендірілді. Ақпараттық жүйеде тіркелген ауыл шаруашылығы жануарларының саны 1545,5 мың басқа жетіп, бұл мал есебін жүргізу мен ветеринариялық бақылауды күшейтуге мүмкіндік беріп отыр, – деді Шахмардан Сұлтанбекұлы.

Айта кетейік, ветеринариялық қызметтің қолжетімділігін арттыру мақсатында елді мекендердегі инфрақұрылым да нығайтылуда. 2024-2025 жылдары 8 блоктық-модульдік ветеринариялық нысан пайдалануға берілді. Биыл Шиелі және Жанакорған аудандарына төрт, Қызылорда қаласына бір модульдік ғимарат сатып алу көзделген.

Өңірлік коммуникациялар қызметі

ЖАҢА БАСШЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Облыс әкімі Мұрат Ерғешбаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте Президент Әкімшілігінің келісімі және Бас прокурордың бұйрығына сәйкес Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеттің Қызылорда облысы бойынша департаментінің басшысы лауазымына Әйтімбетов Мақсат Абдурахымұлы тағайындалды.

Жаңа басшыға сала жұмысына қатысты нақты тапсырмалар жүктелді.

– Мақсат Абдурахымұлы өңіріміздегі құқықтық статистика мен арнайы есепке алу жүйесін жетілдіруге, құқық қорғау органдарының өзара іс-қимылын нығайтуға үлесін қосады деп сенеміз! – деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Мақсат Абдурахымұлы 1985 жылы Шымкент қаласында дүниеге келген. Қазақ мемлекеттік заң университетінде білім алған. Еңбек жолын 2009 жылы Ішкі істер органдарында бастап, әр жылдары прокуратура органдарында түрлі жауапты қызмет атқарған. ҚР Бас



прокуратурасының аға прокуроры, Қарағанды облысы Абай ауданының прокуроры болған.

2025 жылдың сәуір айынан Алматы облысы бойынша құқықтық статистика және арнайы есепке алу департаменті бастығының орынбасары қызметін абыроймен атқарып келді.

АЖ-ақпарат

«QYZYLORDA YOUTH FEST» ФЕСТИВАЛІ ӨТЕДІ

Жастық шақтың жөні бөлек. Бірі білім қуып, енді бірі кәсіп бастап, тағы бірі өнерден өз орнын іздеп жүреді. Бірінің қолында кітап, бірінің қолында спорттық құрал, енді бірінің алдында цифрлық әлемнің мүмкіндігі тұр. Қазіргі жастың болмысын бір ғана өлшемге сыйғызу мүмкін емес. Сондықтан жастармен жұмыс та бір арнаға байланып қалмай, заманның ыңғайына қарай түрленіп келеді.

12 тамыз – халықаралық жастар күні қарсаңында Қызылорда қаласында өтетін «QYZYLORDA YOUTH FEST» фестивалі осы бағыттағы жұмыстардың көрінісі болмақ. Қала әкімдігінің ақпарат алаңында өткен баспасөз конференциясында қалалық жастар орталығының директоры Медет Жорабек фестивальдің мазмұны мен жоспарланған іс-шаралар жөнінде баяндады.

Спикердің айтуынша, фестивальдің негізгі мақсаты – жастардың шығармашылық, спорттық, интеллектуалды және цифрлық әлеуетін қолдау, қоғамдық белсенділігін арттыру, бос уақытын тиімді ұйымдастыру және әр саладағы талантты жастарды анықтау.

Жастар мерекесі неден басталады?

Халықаралық жастар күніне орай өтетін мерекелік шаралар легі 11 тамыз күні қазақ жастары қозғалысының көрнекті көшбасшысы Ғани Мұратбаевтың ескерткішіне гүл шоқтарын қою рәсімінен басталады.

Одан әрі мерекелік бағдарлама жастардың бүгінгі қызығушылығы мен қабілетін қамтитын бірнеше бағытқа ойынсады. Спорт, зияткерлік сайыс, фотоөнер, киберспорт, заманауи би, қоғамдық белсенділік секілді бағыттардың бір фестивалін аясында тоғысуы да тегін емес. Өйткені бүгінгі жастың талағмы сан алуан.

Фестиваль бағдарламасындағы маңызды бағыттың бірі – «QYZYLORDA SPORT FEST» болмақ. Ашық аспан астында бұқаралық көше жаттығуы ұйымдастырылып, спорттық сайыстар өткізіледі. Жастардың бос уақытын тиімді өткізу дегенде тек концерт пен ойын-сауықты түсіну жеткіліксіз. Қозғалыс, дене белсенділігі, командалық рух та жастар мәдениетінің ажырамас бөлігі. Сондықтан спорттық бағдарлама жастарды жарысқа ғана емес, белсенді өмір салтына тартудың бір жолы ретінде қарастырылмақ.

Ал интеллектуалды қабілетін сынағысы келетін жастар үшін «QYZYLORDA OPEN QUIZ» ашық аспан астындағы зияткерлік сайыс ұйымдастырылады. Сайыс бес кезеңнен тұрады. Үш адамнан құралған командалар бақ сынаиды. Қатысу үшін 10 тамызға дейін алдын ала тіркелу қажет. Жүлде қоры 300 мың теңгені құрайды. Үздік нәтиже көрсеткендер қаржылай сыйлықпен қатар арнайы дипломдарға ие болады.

Мұнда бір назар аударарлық жайт бар. Жастардың интеллектуалды бәсекеге қызығушылығын арттыру үшін білімді ойын форматына енгізу қазіргі таңда тиімді тәсілдердің біріне айналып келеді. Quiz форматындағы жарыстардың көбейіп келе жатқаны да осы сұраныстың барын аңғартады.

Қызылорда – жастардың көзімен

Қызылорда туралы сөз қозғағанда оның тарихы мен мәдениеті, Сырдың табиғаты, шаһардың сәулеті қатар ойға оралады. Алайда қалаға әр буынның көзқарасы әртүрлі.

Осы ерекшелікті көрсетуді мақсат еткен «Қызылорда – жастар қаласы» фото-байқауы да фестиваль бағдарламасына енгізілген. Байқауға кәсіби фотографтар ғана емес, фото түсіруді хоббиіне айналдырған әуесқойлар да қатыса алады. Қатысушылар қаладағы көрікті орындарды, тарихи-мәдени нысандарды, сәулеттік келбетті, табиғатты, жастардың күнделікті тыныс-тіршілігін, шығармашылығы мен қоғамдық белсенділігін бейнелейтін фото-жұмыстарын ұсынады.

Қазылар алқасы жұмыстарды шығармашылық идеясы мен тақырыптың ашылуына қарай бағалайды. Бұған қоса фотосуреттер арнайы көрмеде көпшілік назарына ұсынылады. Көрермендер өздеріне ұнаған туындыға дауыс беріп, «Көрермен көзайымы» номинациясының жеңімпазын анықтай алады. Байқаудың жүлде қоры – 300 мың теңге.

Фотобайқаудың тағы бір ерекшелігі қала келбетін кәсіби мамандардың ғана емес, жастардың көзімен көрсетуге

мүмкіндік беруінде. Кейде бір шағын кадр тұтас қаланың көңіл күйін жеткізе алады. Жастардың Қызылордаға деген көзқарасын сурет арқылы көрсетуі де шаһардың заманауи бейнесін қалыптастыруға өзіндік үлес қоспақ.

Бүгінгі жастардың өмірін цифрлық кеңістіктен бөлек қарастыру қиын. Ойын индустриясы да уақыт өткізудің қарапайым тәсілінен киберспортқа дейін өсті. Фестиваль бағдарламасындағы «AIM CUP QYZYLORDA» киберспорт турнирі осы бағыттағы жастардың қызығушылығын ескерген.

Турнир Counter-Strike ойынының 1х1, яғни Aim форматында өткізіледі. Мұнда ойыншылар арнайы картада жеке шеберлігін, дәлдігін, реакция жылдамдығын және тактикалық шешім қабылдау қабілетін сынайды. Жарыс іріктеу кезеңдерінен басталып, финалда үздік ойыншылардың бәсекесімен аяқталады.

Киберспортқа қатысты қоғамда түрлі пікір бар. Бір тарап оны уақытты тиімсіз өткізудің түрі ретінде қабылдаса, енді бірі цифрлық дағдыларды дамытатын жаңа индустрия ретінде қарайды. Қалай болғанда да, жастардың цифрлық ортадағы қызығушылығын жоққа шығару мүмкін емес. Сондықтан маңыздысы – жастардың осы кеңістіктегі қызығушылығын мазмұнды әрі жауапты арнаға бағыттау.

Өнерге қызығатын жастар үшін фестивальдің ең жарқын аландарының бірі заманауи би байқауы болмақ. «QYZYLORDA YOUTH FEST» заманауи би байқауына Hip-Hop, K-pop, Street Dance және өзге де бағытта өнер көрсететін би ұжымдары қатысады. Қатысушылар сахнадағы шеберлігі мен шығармашылық ерекшелігін ортаға салады. Байқауды тәжірибелі хореографтар мен би саласының мамандарынан құралған қазылар алқасы бағалайды. Ұйымдастырушылардың айтуынша, саяйыс жастардың шығармашылық қабілетін шыңдауға, би мәдениетін дамытуға, тәжірибе алмасуға және жаңа таланттарды анықтауға мүмкіндік береді. Жүлде қоры 300 мың теңге.

Еңбек елеусіз қалмайды

Жастар саясаты тек мерекелік іс-шаралармен өлшенбейді. Оның маңызды бөлігі қоғамдық белсенділік танытып жүрген жастарды қолдау мен ынталандыруға келіп тіреледі. Фестиваль аясында жастар саясатының дамуына үлес қосып, қоғамдық жұмыстарда, еріктілік қызметте, білім, мәдениет, спорт, кәсіпкерлік және өзге де салада белсенділігімен танылған 10 жасқа Қызылорда қаласы әкімінің арнайы Алғыс хаты табысталады. Оларға 100 мың теңге көлемінде арнайы қаржылай сыйлық беріледі.

Мұндай марапаттың мәні тек сыйлықтың көлемімен өлшенбейді. Қоғамдық іске араласқан жастың еңбегін көпшілік алдында елеу-ескеру өзгелерге де үлгі. Бір жастың жасаған ісі екінші жастың бойына сенім ұялатып, «мен де қоғамға қажет іс жасай аламын» деген ойға жетелеуі мүмкін.

Мерекеден мән іздегенде

Жастар күні күнтізбедегі кезекті атаулы дата ретінде ғана өтіп кетпеуі керек. Өйткені жастарға арналған кез келген шараның салмағы оның қанша адам жинағанымен емес, қанша жасқа жаңа мүмкіндік бергенімен өлшенеді.

«QYZYLORDA YOUTH FEST» бағдарламасына қарасақ, ұйымдастырушылар жастардың әртүрлі қызығушылығын қамтуға тырысқанын аңғаруға болады. Бір жерде спорт бар, бір жерде білім мен логика сыналады. Бір жерде фотоөнерге жол ашылса, енді бір жерде киберспортқа мүмкіндік берілген. Сахнада би араландар де, қоғамдық жұмысқа белсене билегендер де назардан тыс қалмайды.

Мұның бәрі жастардың біркелкі аудитория емес екенін көрсетеді. Бірінің қабілеті спортта ашылса, екіншісі өнерден, үшіншісі зияткерлік сайыстан, төртіншісі цифрлық ортадан өзін табуы мүмкін.



Ең бастысы, жастарға мүмкіндік берілген жерде олардың бастамасын жалғастыруға жағдай да жасалуы керек. Фестиваль аяқталған соң жарысқа қатысқан жас өз саласында әрі қарай дамуға мүмкіндік тапса, шараның нәтижесі осы болмақ. Қоғамдық белсенділік те дәл осындай сабақтастықты қажет етеді.

Жастар бар жерде қозғалыс бар!

Інжу МАРЖАН

МАМАНДЫҚ ТАҢДАУДА ШЕКТЕУ ЖОҚ

Кейінгі жылдары әлемдік және отандық еңбек нарығы бұрын-соңды болмаған жылдамдықпен өзгеріп келе жатыр. Технологиялық серпіліс, жасанды интеллекттің өмірдің барлық саласына енуі және демографиялық үрдістер дәстүрлі мамандықтардың сипатын өзгертіп қана қоймай, жаңа кәсіп түрлерін алдыңғы қатарға шығарды. Осындай кезеңде мектеп түлектерінің мамандық таңдауы – тек бір дипломның емес, тұтас өмірлік бағыт пен болашақ әл-ауқаттың негізін қалайтын шешімге айналды.

Елімізде цифрландырудың жеделдеуі мен жасыл экономикаға қошу үрдісі еңбек нарығының негізгі қозғаушы күшіне айналды. Бүгінде жұмыс берушілер тек дипломнан гөрі жаңа дағдылар мен өзгерістерге бейімделе алу қабілетіне басымдық береді. Соған қарамастан, кей мамандықтар өзектілігін жоғалтса, екінші бір кәсіп тобы жаңа мамандардың көбеюін талап етеді.

Ең бірінші сұранысы жоғары мамандықтарға тоқталайық. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің ақпаратына сәйкес, биыл гранттардың 60%-ы инженерлік бағытқа, 20%-ы педагогикалық мамандықтарға, ал қалған 20%-ы басқа салаларға бөлінді. Өтініштердің басым бөлігі «Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары», «Педагогикалық ғылымдар» және «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» секілді бағыттарға түскен. Ал бір грантқа үлкен бәсеке болашақ аудармашылар, дипломаттар, зангерлер, психологтар мен мұғалімдер арасында болмақ.

Оқушы үшін мамандық таңдау оңай емес. Бірі заман талабына сай шешім шығарса, енді бірі жүрек қалауын тыңдайды. Бірақ соңында қайсысы жеңеді? Бұл туралы білу үшін профориентолог Ұлжалғас Сәрсенқызына жүгінідік.

– Биыл Қазақстанда IT саласы мен инженерияға грант көп бөлініп жатыр. Болашақта бұл бағыттардың сұраныста болары анық. Маған көмекке жүгінетін балалар көбіне мамандықты өз қалауымен емес, басқаларға еліктеп таңдайды. Әйтсе де, профориентологпен кеңескен соң ойын өзгертетіндер көп. Себебі біз арнайы методика мен ғылыми негізделген тесттерді қолданамыз және мамандықты баламен бірге таңдаймыз. Олардың басты қалауы – тезірек қаржылық тәуелсіздікке жету. Сондықтан заман талабына сай кәсіптерге ықыласы жоғары, – деді ол.

Шектеудің жоқтығын дәстүрлі салаларға деген қызығушылықтан да көруге болады. Маманның айтуынша, қала балаларының арасында да ауыл шаруашылығы немесе агрономия сияқты салаларды таңдағандар кездеседі.



Асел ЖАСТАЛАПҚЫЗЫ

Мамандық таңдауда баланың тұратын өңірі де белгілі бір рөл атқарады. Бұл бөгет емес, бірақ талапкердің қалауына әсер етуі мүмкін. Бұл тұжырым туралы «Gallup» және «TANU» сарапшысы, «juz40» білім беру орталығының профориентологы Әсел Жасталапқызы айтып берді.

– Өңір фактор ретінде белгілі бір деңгейде рөл атқарады. Себебі әр аймақтың еңбек нарығы мен экономикалық бағыты әртүрлі. Мысалы, мұнай-газды өңірлерде инженерлік бағыт, үлкен қалаларда IT, қаржы мен бизнес, ал аграрлық аймақтарда ауыл шаруашылығы дамыған. Сондықтан тұрғылықты мекенжай мамандық таңдауға ықпал етеді. Дегенмен оқушыда таңдау еркіндігі бар, сол себепті бұл шешуші фактор болмауы тиіс. Бала өз қызығушылығына қарай кез келген өңірден жұмыс таба алады, – деді ол.

Талапкердің тұратын өңірі де белгілі бір деңгейде таңдауға әсер етеді. Алайда бұл қол байлайтын кедергі емес, тек жергілікті экономиканың ерекшелігі.

ЖИ ЖӘНЕ НАРЫҚ

Ақпараттық технологиялар саласы өзектілігін жоғалтқан жоқ, керісінше оның мазмұны тереңдей түсті. Қазіргі уақытта қарапайым бағдарламалау ғана емес, жасанды интеллектті басқару, үлкен деректерді талдау, киберқауіпсіздік және бұлтты технологиялар мамандарына сұраныс жоғары. Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған жасанды интеллект экосистемасын дамыту бағдарламалары, яғни AI-SANA секілді жобалар бұл саланың мемлекеттік деңгейде қаншалықты маңызды екенін көрсетеді.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Сауда және даму жөніндегі конференциясының болжамы бойынша, 2033 жылға қарай

жасанды интеллект нарығының ауқымы 4,8 триллион долларға жетуі мүмкін. Ал оның ғаламдық технологиялық индустриядағы үлесі 7 пайыздан 29 пайызға дейін артады.

Бұл тенденция мамандықтар әлеміндегі үлкен өзгерістерді айшықтайды. McKinsey сараптамасы бойынша, 2030 жылға қарай 375 миллион жұмыс орны қысқаруы мүмкін, алайда оның орнына 97 миллион жаңа жұмыс орны пайда болады. Мұнда технологиялар адам еңбегін алмастырмайды, тек оны толықтырады. «Мигрант Сервис» платформасының директоры Андрей Кладов gazeta.ru басылымына берген сұхбатында атап өткендей, ЖИ деректерді өңдеуде және күнделікті жұмыстарда тиімді болғанымен, физикалық қатысуды, креативтілікті және эмоционалды интеллектті қажет ететін салаларда дәрменсіз.

Мемлекет басшысының 2025 жылы жасанды интеллектті дамыту мәселелері жөнінде өткізген кеңесінде бұл тақырып кеңінен талқыға түсті. Басшымыздың айтуынша, жасанды интеллект барлық саланың қозғаушы күші болуы тиіс. ЖИ – еліміздің инновациялық дамуының, цифрлық дербестігінің тірегі.



Ұлжалғас СӘРСЕНҚЫЗЫ

– Алдағы бес жылдың ішінде Қазақстан цифрлық мемлекетке айналуы керек. Бұл – айқын әрі өзгермейтін мақсат. Себебі, біз жасанды интеллекттің мүмкіндіктерін толық пайдаланатын ел болуымыз қажет. Осы биік мақсатқа жету үшін стратегиялық бағдарымызды айқындап алған жөн. Әрбір қадамды мұқият

ойластырып, алдын ала шұғыл шаралар қабылдауымыз керек. Қазір мемлекеттің цифрлық саясатқа қатысты ұстанымдарын қайта қарайтын кез келді. Жаһандық технологиялық бәсеке күшейіп, жасанды интеллекттің дамуы қарқын алған кезеңде бізге жан-жақты әрі жүйелі әрекет етуге мүмкіндік беретін кешенді бағдарлама керек, – деді мемлекет басшысы.

Алдағы жылдары Қазақстан цифрлық мемлекетке айналуы көздеп отырғанда, ЖИ-ді өз кәсібінде тиімді қолдана алатын мамандар бәсекеге қабілетті болмақ.

МАМАНДЫҚТЫ ҚАЛАЙ ТАҢДАУ КЕРЕК?

Жастар арасында «Өз мамандығымды қалай табамын?» деген сауалдың жиі қойылуы заңды. Нарық талабын ескерген жөн, алайда өз қабілетіңізге мүлде қарама-қарсы саланы таңдау – үлкен қателік. Осы орайда кәсіби бағдарлау тесттерінің де маңызы зор.

– Мамандық таңдауда, ең алдымен, қызығушылықты ескеру керек. Қандай іспен айналысқанда уақыттың қалай өткенін байқамай қаласыз? Қабілет пен тұлғалық ерекшелікті де назардан тыс қалдырмаған абзал. Адамдармен жұмыс істеген ұнай ма, әлде деректермен бе? Осыны анықтап алған соң барып еңбек нарығына көз жүгірткен сәтті болады. Ал «Gallup» сияқты тесттер тікелей мамандық таңдап бермейді, ол адамның табиғи таланттарын анықтайды. Осы қасиеттерді жүйелі талдағанда ғана дұрыс таңдау жасау жеңілдейді, – дейді Әсел Жасталапқызы.

Маман айтып кеткендей, мамандықты өзіңіздің табиғи таланттарыңызды ескеріп таңдаған жөн. Балалардың басым бөлігі мамандығын таңдау үшін жиі профориентологтың көмегіне жүгінеді. Бұл жерде баланың қабілеттері ғана емес, кәсіптің актуалдығы, сұранысы, қаражаты да ескеріледі.

Заманауи еңбек нарығы үздіксіз даму мен бейімделгіштікті талап етеді. Мамандық таңдау – заман талабы мен ішкі қалауды ескеру. Технология қаншалықты қарқынды дамығанымен, адамға тән креативтілік, эмоционалды интеллект және сыни ойлау ешқашан өз құнын жоғалтпайды. Сондықтан мамандық таңдауда ешқандай шектеу жоқ, жас талапкер!

М.МАЙБЕКҚЫЗЫ

БҮТІН БАР, ЕРТЕҢ ЖОҚ...

46 КӘСІП ҚЫСҚАРЫП, 14 КӘСІП ЖОЙЫЛАДЫ

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің дерегіне сәйкес, 2035 жылға қарай елдегі кәсіптердің 44 пайызы, яғни 4 миллионға жуық адам жасанды интеллект ықпалымен өзгереді. Осы орайда 46 кәсіп қысқарып, 14 кәсіп мүлем жойлатыны нақты көрсетілген.

Еңбек нарығындағы өзгерістер мен жасанды интеллекттің әсері алдағы жылдары айқын сезіле түседі деп болжануда. Соның әсерінен халықтың басым бөлігінің кәсібі трансформацияға ұшырауы бек мүмкін. Осы себепті жоғары білім беру жүйесін жаңа заманға бейімдеу қажеттігі жиі айтылып келеді. Атқарылып жатқан жұмыстар да жоқ емес. Соңғы бес жылда білім беру саласына бөлінетін қаржы 246 млрд теңгеден 472 млрд теңгеге дейін өсті. Биыл мемлекеттік білім гранттарының саны 77 мыңға жетсе, оның 18,8 мыңы инженерлік бағыттарға бөлінген. Сондай-ақ студенттердің шәкірताқысы соңғы жылдары екі есеге артыпты.

Заман талабына сай мамандар әзірлеу мақсатында Ғылым және жоғары білім министрлігі 700-ге жуық оқу бағдарламасын жаппақ. Саясат Нұрбектің сөзіне сүйенсек, көпшілігінің мазмұны ескірген, бүгінгі еңбек нарығының талаптарына сай емес.

– Біз 73 мыңнан астам қазақстандық компаниялармен бүкіл заңды тұлғалар арасында арнайы сауалнама жүргіздік. Соның негізінде 700-ге жуық оқу бағдарламасы мүлдем ескіргені анықталды. Ол мамандықтардан лицензияларын алып, қабылдауға тыйым саламыз. Яғни біз ұлттық реестрден алып тастаймыз. Ол мамандықтарда оқып жатқан балаларға оқуларын тәмамдауға, бітіруге мүмкіндік береміз. Бірден тоқтату әділетсіз болады. 2-3 жылдың ішінде тоқтатылады, – дейді ҚР Ғылым және жоғары білім министрі.

Министрдің айтуынша, бұл өзгеріс білім беру жүйесін жаңартудың бір бөлігі ғана, енді жасанды интеллект, цифрлық инженерия, киберқауіпсіздік және деректерді қабылдау бағыттарына басымдық берілмек.

Ал депутат Асхат Аймағамбетов жасанды интеллекттің жеке пән ретінде емес, барлық мамандықтың құрамына енгізу керек деп есептейді. Жаңа бастаманы қолдау барысында жоғары оқу орындары білім беру мазмұнын түбегейлі өзгерту керегін де баса айтты.

– Енді жасанды интеллектімен жұмыс істей алмайтын диплом бұл адамның төрт жыл бойы тек ғимаратқа барып-келгенін растайтын қымбат анықтама ғана болмақ. Бұл мақсат жоғары оқу орындарының қазіргі үлгісін қайта қарауды талап етеді. Жаңа университет жасанды интеллекттің барлық дайындық бағыттарына кіріктіруі тиіс, – дейді А.Аймағамбетов.

Жаңа бағытта даму тек маман даярлаумен шектелмейді. Себебі бұл өзгерістің басты мақсаты жаңа жағдайға бейімделе алатын, кез келген сәтте білім алуға қабілетті тұлға қалыптастыруға бағытталған.

ОҚЫ, ОҚЫ ЖӘНЕ ОҚЫ...

2030 жылға дейін жұмыс күші қысқаратын салалардың қатарында бухгалтер мен журналистер де бар. Одан бөлек колл-орталық операторы, кассир, қойма қызметкері, баспахана жұмысшысы, ескірген техниканы жөндейтін механик, аграрлық сектор мамандары да толықтай жойылуы мүмкін мамандықтар қатарына кіреді. Бұл туралы ІМЭС университетінің экономика және басқару кафедрасының доценті Люза Байгузина мәлімдеді.

Сарапшының айтуынша, алғашқы үш мамандық колл орталық операторы, кассир және қойма қызметкері автоматтандыру мен жасанды интеллект сияқты технологиялардың дамуы нәтижесінде өзектілігін жоғалтады. «Бүгінде көптеген қызмет түрлері автоматты жүйелермен алмастырылып жатыр. Бұл үрдіс болашақта мұнан әрі күшейе түседі» деді Байгузина.

Жойылып бара жатқан мамандықтардың қатарында телефон коммутаторының опе-

раторы, лифт кезекшісі, бейнекассета жалға беру қызметкері, баспаханада әріп теруші және хат тасушы сияқты кәсіптер де бар. Бұл мамандықтардың қажеттілігі жаңа техникалық мүмкіндіктердің пайда болуына байланысты төмендеген. Мысалы, бұрын телефон байланысын операторлар қосса, қазір бұл қызмет толықтай автоматтандырылған. Сол сияқты қағаз хаттардың орнын электрондық пошта мен мессенджерлер басты. Сонымен қатар, кассир, банк операторы немесе жолақы тексеруші сияқты мамандықтардың да қызметі біртіндеп өзгеріп келеді. Өзіне-өзі қызмет көрсету кассалары, онлайн банкинг және электрондық төлем жүйелері адамдардың көптеген операцияларды өздігінен орындауына мүмкіндік берді. Бұл еңбек нарығында кейбір кәсіптердің қысқаруына әсер етуде.

Тарихқа көз жүгіртсек, мұндай өзгерістер әлем елдерінде бұрын да болған. Технология алға адым басқан сайын, адамдар да жағдайға бейімделіп келе жатқанын мына деректерден байқауға болады. Мәселен, бір кездері қоғамда газ шамын жағушы маман маңызды саналған. Бұл адамдар көшелердегі газ шамдарын күн сайын кешке жағып, таңертең өшіретін. Электр шамдары шыққаннан кейін бұл кәсіп түбегейлі жойылған. Телефон коммутаторының операторы да кезінде сұранысқа ие мамандықтар қатарында болған. Себебі бұрын телефон қоңырауларын адамдар қолмен қосатын. Қазір бұл жұмысты автоматты байланыс жүйелері атқарады. Ал ертеректе оятушы (Knocker-up) мамандығы болды деген ақпарат қазіргі буынды таңқалдырмай қоймайды. Сағат бәрінде болмаған кезде, бұл адамдар ұзын таяқпен терезені қағып, жұмысшыларды таңертең оятатын болған. Газет, радио және интернет жоқ кезде халыққа маңызды хабарларды көшеде дауыстап жариялайтын қалалық жаршы қызметі де жұмыс жасаған. Тарихта мұз кесуші сынды мамандық та болғанына көпшілік сене қоймас. Тоңазытқыштар шыққанға дейін өзен-көлдерден мұз кесіп, оны үйлер мен дүкендерге жеткізетін бұл мамандар өткеннің көлеңкесінде қалған. Демек қоғамның сұранысына сай мамандықтардың жанаруы заңды құбылыс.

Айта кету керек маңызды бір жайт, кейбір мамандықтар толық жойылмайды, бірақ жаңа бағытқа ауысады. Мысалы, банктегі қарапайым кассирлердің саны азаяды, алайда қаржылық кеңесшілерге сұраныс артады. Кәдімгі такси жүргізушілеріне болашақта автономды көліктер әсер етуі мүмкін, бірақ көлік паркін басқаратын мамандар қажет болады. Қарапайым деректерді енгізу мамандарының жұмысын жасанды интеллект атқара бастайды, десек те деректерді талдаушыларға сұраныс өсе береді. Кез келген өзгеріс жаңа мүмкіндіктермен бірге келеді. Жойылып бара жатқан мамандықтардың орнына бағдарламашы, деректер талдаушысы, киберқауіпсіздік маманы, жасанды интеллект инженері, робототехника маманы сияқты жаңа кәсіптерге сұраныс жылдан жылға арта түседі.

Ал ескі мамандық иелері жұмыссыз қалмауы үшін мемлекет, жұмыс берушілер және тұлғаның өзі бірлесіп әрекет етуі аса маңызды. Қайта даярлау арқылы адамдар жаңа мамандықтарды немесе жаңа технологияларды меңгеріп, қоғамға қосыла алады. Мамандықтардың өзгеруі жұмыссыз қалуға себеп емес. Мысалы, қарапайым кассир цифрлық банк қызметтері бойынша кеңесші бола алады. Бұрын газет терушісі болған адам компьютерлік дизайнды үйреніп, графикалық дизайнер болып жұмыс істей алады. Ал өндіріс жұмысшысы роботтарды басқаруды меңгерсе, автоматтандырылған зауытта еңбек етуіне мүмкіндік бар. Осы орайда мемлекеттік қолдау аясында ұйымдастырылған тегін курстарды, оқу гранттарын және жұмысқа орналастыруға көмектесетін арнайы бағдарламаларды назардан тыс қалдырмаған жөн. Қазіргі заманда бір мамандықпен шектелмей, үнемі жаңа білім алып отыру тиімді бола түседі.

Мамандықтардың жойылуы – уақыт талабы мен технологиялық дамудың тарихи нәтижесі. Болашақта еңбек нарығында сұранысқа ие болу үшін өзгерістерге бейімделіп, заман талабына сай білім мен біліктілікті үздіксіз дамытуды ертеңге қалдырмаған жөн.

Е.ЕРТАЙҚЫЗЫ

АБАЙ ЖАҚҚАН БІР СӘУЛЕ СӨНБЕУ ҮШІН!

Басы 1 бетте



Мен-дағы өлең жазбаймын ермек үшін,
Ермек үшін немесе өлмеу үшін.
Жазсам, жазам жырды мен, жасырмаймын,
Жаралы жүректерді емдеу үшін.

Ермек үшін белгілі жырламасым,
Ермек десе, ел мейлі тыңдамасын.
Өтсем болды аркалап адамдардың
Қуанышын, шаттығын, мұң-наласын.

Қуат алып Абайдың тіл-күшінен,
Жыр жазамын Абайдың үлгісімен.
Абай болып табысам бір кісіге,
Абай болып түңілем бір кісіден.

Өлмеу үшін – құлқынды жемдеу үшін,
Мен-дағы өлең жазбаймын ермек үшін.
«Жаздым үлгі жастарға бермек үшін»
Абай жаққан бір сәуле сөнбеу үшін!



Биікте ме – қайда жүр аруағын?
Құлағыңа жете ме шағым-әнім?
Көкті кезіп іздер ем – жерде мені
шырмап қойды шырғалаң шаруа, мұн.

Жердің беті балшық пен былық әлі,
Жол табады жылпос пен ұры-қары
Жұртың данғой әм надан баяғыша
мәз болады бір-бірін жығып әлі.

Алтын шапақ шашпай тұр қырдың таңы,
аяқты алшаң басқанға құлмын тағы.
Саған дерт боп жабысқан ел тірлігі
бүгін менің жанымды шыңғыртады.

Жылымшы өмір жанымды құлазытты,
Талмап-талмап тауыстым жыр-азықты.
Құдай емес, кісіден келген жұттан
шөлге айналған жерімнен құлан ықты.

Ашсам деген жұрт көзін қыран едің,
мерт еткенде сені де құба жерім,
ел етем деп тыртыңдау не тәшіме
керек екен десеңші мына менің!

Қалқиды әнің – рухыңның кептері ме,
ұстаймын деп әуремін текке, міне.
Дарыныңнан, ойыңнан бермей маған,
Тек дертіңді жұқтырып кеткенің не?



Мыңмен жалғыз алыстың,
Кінә қойман!
Мұның бар,
Арманың жоқ – мұны да ойлан!
Шарк ұрды шыбын жанын шыркыратып,
Ұрпағың күні майдан, түні майдан.

Шаң қаптым көшіне ұлы ілесем деп,
Түтіктім түрленсем деп, түлесем деп.
Қалам тартқан қазақтың бәрі мықты,
Майрылдым мықтылармен тіресем деп.

Жанға сая іздеген, ая – басқа,
Епшіл не көбейді даяр асқа.
Қалам тартқан қазақтың бәрі де ақын,
Ақынды ақын айналды аямасқа!..

Үнім шықпай,
Жағым да қарысып жүр,
Жүделі –
Жабылықпен жарысып жыр.
Мыңмен жалғыз алыссаң –
Арманың не,
Меніменен «Өңкей Нөл» алысып жүр...



Көгеріп, жасарғандай дала, қыстақ,
Айнала балауса өмір, даналық шақ.
Алатау ұлы Абайға ұқсап отыр,
Қолына көк сиялы қалам ұстап...

Жаңғыртып барша әлемді мәңгілік жыр,
Оятты тәтті ұйқыдан таңды бұлбұл.
Бозторғай «Жаз» өлеңін аспанда оқып,
Айызын тыңдаушының қандырып жүр.

Сахара бір көгілдір нұрға толып,
Ағады арнасында су да толып.
Өйгілі «Айттым сәлем, Қаламкасты»,
Барады көкжиекке тырна созып.

Сықырлы үн боп кіріп құлаққа – Абай,
Жатқандай жылтырайды құраққа май.
Тоты құс түстес алуан көбелектер,
Қонады гүлден гүлге тұрақтамай.

«Қарға мен өгіз» сырын шымшық оқыр,
Жүрегін әлдекімнің шымшып оқыр.
Жүп аққу «Жазғытұры» жырын жаттап,
Бір байғыз көрі қыздай сыңсып отыр...

«Мінеки, болыс болдым» дегендейін,
Өнешін сөзды құзғын өлердейін.
«Көгершін сап-сап, көңілім, сап, көңілім» деп –
Аударды пенделердің өлеңге ойын.

Өлеңсіз – көңіл күйге жарымайды,
Өлеңсіз – өтсе өмірдің бәрі қайғы.
Қараңғы түнде ұлы тау қалғиды,
Тыңдаса «Желсіз түнде жарық айды».

Бұл-дағы Абай – көктем күші деп біл,
Көкек те әуілдейді іші кепкір.
Тойынған қар суына сәуірік-бұлт,
Аспанның ар жағынан кісінеп тұр.

Кеткендей бойдан ызғар, санадан кір,
Емеді Ана-Жерді бала-жаңбыр.
Тұяғын қайта-қайта тасқа соғып,
Тау ішін құлын-бұлақ аралап жүр...

Көкпенбек туым түстес болды атырап,
Көк түсті қызартам деп болма ақымақ.
Қазаққа әсіре қызыл жаққан емес,
Жарасар ақ терекке – көк жапырақ.

Қонғанда ақ шешекке көк көбелек,
Көрінер көркемдігі көптен ерек.
Қолына көк бөрілі байрақ алса,
Алашын арыстан боп кетсе керек...



Тас тұғырға танып қойды тас ғасыр,
Сана сарсаң тартты содан, ес – басыр...
Қасқа Қырын танытпаққа командды ол,
Ол толғанды – ағытпаққа Досқа – Сыр.

Ескерткіш боп тұра беру ұнамай,
Тас тұғырдан қарғып түсіп,
Құламай –
Алдындағы кең даңғылдың бойымен
Жүріп кетті, бір күндері ұлы Абай.

Жүріп кетті тас көшемен балпаңдап,
Таяқ қылды қолына бір нән талды ап.
Көктен тура тірі Құдай түскендей
Пенде біткен тұрды біраз аң-таң ғап.

«О ғаламат!
Кетті тасқа жан кіріп!» –
Айқай салды қарлы таулар қарлығып.
Көктің үні естерінен тандырып,
Жөңкілді жұрт жиғандарын қалдырып.

Болып жатты тас қалада ғажап хал,
Пенделерде Әуақ жайлы аз ақпар. –
Барлық міллет көлік мініп жоғалды,
Тек қарайлап қашты жаяу қазақтар...

Босап қалды барлық дүкен, баспана, ал,
Босап қалды барлық кеңсе, баспалар.
Қаңырап тұр – Жазушылар Одағы,
Атеист-тің ол жердегі қасқалар.

Зым-зия боп самолеттер, автолар,
Аспан астын кетті кезіп жат хабар.
Үкіметтің үйі – сұп-сұр.
Басшылар –
Мәскеу жақтан бұйрық күтіп жатты олар...

Сонша өзінен шошынғанға өр қала,
Қайғылы ақын сәл жымиды зорлана.
Бір есалаң шайыр бар-ды шаһарда,
Соңына онын еріп жүрді сол ғана.

Үркіп ұшты Алатаудың көп құсы,
Бұлт ығысты келген таута шөккісі...
Шығармады тас қала ақыр тұтқыннан,
Келіп еді Жидебайға кеткісі!

Ай-ұясын салған шақта баққа түн,
Қарсы әрекет қылмайын деп Хакка тым,
Сілелеген нәтижесіз жүрістен,
Тұғырына қайта мініп жатты ақын...

...Бұл оқиға болған-ды рас, қиялда,
Қиял, шіркін, шығандатқан қиянға.
Бейсепті менің ессіз болмысым
Ұрындырып кетпесе игі Зиянға.

Кешір, аңыз!
Кешір, қиял!
Кеш, өлең! –
Тағдыр – тайғақ,
Тайқы болды Пешенем.
...Ес жиғанда – Тас Мүсіндей түнеріп,
Жүріп келе жатырдым тар көшемен...



Алатау төрідегі төре мүсін,
Бұрады Сізге деген бөлек ішім.
Жалғыз жіп екеумізді жалғастырды
Қазақтың қоңыр шекпен өлеңі үшін.

Жеткесін ұрпағына үні ғажап,
Жаттаймыз атамыздың жырын азат.
Қайғысы кішкене елдің күнiрентiп,
Ұйқыдан ерте оянған ұлы қазақ!

Жарысқа жарамайды құр даңғазат ат,
Табылар іздегенге жырдан да азап.
Тар сынды төбесіне такиясы,
Тарихтың көз алдында тұрған қазақ!

Тәңірі қалдырғасын тілекті ұмыт,
Жауласты білместікпен білек түріп.
Сенделген сенен кейін өлең жазып,
Сұмдық-ай, біздікі не жүректілік?!

Әзірге жібек емес, жырым – сәтен,
Ботаңның байқадың ба түрін шат өң?!
Тұлғаңа тағзым етпей тұра алмаспын,
Өнердің өріндегі бірінші әкем!

О, менің қасиетті қартым Абай,
Айтайын қағидамды қалтырамай:
Жайнаған жұлдыздарға көрік болып,
Тұрады мәңгілікке жарқырап Ай!



Найзағай-тағдыр шатырламашы,
Дегберін алып пенденің.
Аға сұлтанның ақын баласы,
Сөзімді тыңда сен менің!

Өрлік өремді өлшетер едім,
Хандар да шықты қарадан.
Кісілігімді көрсетер едім,
Бөжейдің асы тараған.

Шыңғыстың тауы – шырайлы мекен,
Ұлылық қонған сол маңға.
Жидебай-жайлау жылайды ма екен
«Жаздықүн, шілде болғанда?»

Қалың елдің де, ну орманның да
Қуарған кезін көз көрді.
Семсерін сертке суарғанның да
Сезімі сәтте өзгерді.

Мыңменен жалғыз алысқан Абай,
Шыңғыстан шыңға беттедің.
Артылып туған данышпан Абай,
Тектіден туған текті едің.

Алмайды жырдың жұлдесін ақын
Сүлдесі солғын ғасырда.
Бел-белестерге бірге шығатын
Ерболдай дос жоқ қасымда.

Шырылдап тұрған шырқар да құсым
Тамылжығанда таң әні.
Оразбайлықтың жыртар намысын
Сәмен сұмдардың заманы.

Қасқая күлді қасқа маңдайлым
Кедейлік кешкен күйіме.
Ту бие сойып ас бере алмаймын
Біржан сал түссе үйіме.

Ортаға салам олжамның бәрің,
Көшімді бұрмай шалғайға.
...Толған ай сынды Тоғжанның әнін
Өйгерім ару жалғай ма?!

Жайдақтықтармен жауласып әман,
Ұшырған көкке жыр құсын.
Құнанбайлықты дауда сынаған –
Қайран да Ұлы Шыңғысым!

Жыртыстай бүгін жыртылғандар бар,
Майсанды орар шалғымен.
Ұлы болуға ұмтылғандар бар
Ұл болып алмай алдымен.

Алаштың асқан тәңірі Абай,
Көреміз біз де жолда азап.
Жаратқан хақтың әмірі қалай –
Сен көрген қазақ – сол қазақ!..



Абайдың тілі, анамның тілі,
Не деген ғажап үндестік.
Жауратып жанды ғаламның мұны,
Ақын боп сонсоң күн кештік.

Нендей қайғыны басыма тілеп,
Жоғалттым нені білмедім.
Балбал тастардың басына түнеп,
Өтті ғой бөрі күндерім.

Өгей орманның ығында өскенмін,
Айта алман оны арланбай.
Ана бір жылдар ғұмыр кешкенмін,
Анадан жетім қалғандай.

Ол күннің дерті ұмытылмайды,
Уы мен балы аралас.
Бір ұртым қанды,
бір ұртым майлы,
Рухым тұттай жалаңаш.

Анамның тілі, аңырап келіп,
Алдына бүгін жығылдым.
Шаттығы кетті шаңырақ керіп,
Адасқан албырт ұлыңның.

Көк байрақ тіктім, көкке тегіріп,
Түп тегім түркі болғасын.
Күпті көңілден кетті сең жүріп,
Пайғамбар Абай, қолдашы!



Бес балаға 500 мың теңге жұмсадым

Құрметті редакция!
Көпбалалы анамын. Бірақ көпбалалы екенмін деп, біреуге алақан жаюға құштар емеспін. Құдайдың берген несібесін теріп жеп жүрміз. Баланы да ізімізді жалғайды деп өмірге әкелдік. Ол үшін де міндетсінбеймін. Жас отбасылардың жас-күйін, олардың өмірі мен тыныс-тіршілігін көбіне тақырыпқа тиік етіп жүресіздер. Айтары бар «Ақмешіт жастарының» тұрақты оқырманымын. Сіздерге алдағы уақытта балалардың мектепке дайындығы туралы мақала жазуларыңызды сұраймын. Олай сұрауымның себебі мынада жатыр. Тамыз бастала сала ертеңгі күні қымбаттап кетеді деп, базар барып, балаларды киіндіріп қайттым. Құдай берген бес балама 500 мың теңге қаражатым кетті.

Иә, жер-жерде жәрменке басталады. Қыркүйек мойнын соза бастағанда ауылдағылар малын базарға шығарады, ала жаздай шөп шауып, оны сатады. Басшылығы жағдайға қарасқандар айлығын алдын ала жаздырып алып, саудагерлердің алдына барады. Міне, бұл бағзыдан қайталанып келе жатқан дәстүр ғой.

– Әй, Мырқымбай, тұр, қане? – деді енем жолдасыма. – Ертең қымбатына ұрынып қалады. Қызыл сиырды баспағымен қосып сатып кел. Қазір семіз, пұл болады. Сөйт те, келіншегіне өткіз ақшасын. Балалар ешкімнен кем болмай, мектепке жарқырап барсын.



Базарға барсак, әліптің артын бақпай, дер кезінде, болатты қызғанында соғатын біз сияқтылар бар екен. Аяқ алып жүру қиын. Саудагерлер де жарнамасымен жер жарып, жағадан алып тұр. Бір

кымбат болып тұр. Бес айналып, бес жүз мыңды саудагерлердің қалтасына сүңгіттік.

Ендігі ұсыныс, мектеп жәрменкесін көптеп өткізсе... Содан соң оны да базардағы саудагердің еркіне

бермей, әкімдіктер өздері атсалысса екен. Өйткені, қазіргі жәрменке базардың ортасындағы затты шетке шығарып, маңдайына жәрменке деп жазудан әрі аспай тұр.

Өткен жылдары арзан ғой деп алғаным бар. Ай өтпей жатып, аяқ киім баламның аяғын терлетіп,

ауылдан ат терлетіп келген талайлар жәрменкеге маңдай тірейді. Сосын дені сау ұрпақ қайдан шығады?! Біз елдің әл-ауқатын көтергеннен бұрын дені сау ұрпақ қалыптастыруды ойлауымыз керек.

Ойдан ой туады ғой. Жеңіл өнеркәсіпті өзімізде де дамытуымызға қабілетіміз жеткілікті. Бірақ ынта жоқ тәрізді. Ата-анамыздан естіп өскен кезіндегі Қызылордадағы фабриканың ізі де жоқ қазір. Осы күні біз «мәссаған, түріктікі екен, сапалы» деп түрік ағайындарды төбеге көтеріп жүрміз ғой. Шын мәнінде сол түріктерге тері илеп, етік тигуді үйреткен біздің ата-бабамыз емес пе?! Халифа Алтайдың «Алтайдан ауған ел» кітабын оқысаңыз, намысын ажалынан биік қойып, өліп кетсем де намысымды аяққа таптатпаймын деген қазақтың қандай ержүрек болса, соншалықты өнерлі екенін білер едіңіз?!

Бірді айтып, екіге кетеміз. Осы жеңіл өнеркәсіп өңірде қолға алынса, қандай ғанибет?! Қазақтың дені сау ұрпағын өсіреміз десек, арзанды алдына ұсына бермей, бағасын төмендетіп, сапалы киім-кешек алуына жағдай жасайық! Бүгінгі елдің көзі ашық, көкірегі ояу. Олар бүгінмен өмір сүрмейді, ертеңді ойлайды. Олар алақан жаймайды, маңдай терін төгеді.

Махаббат САБЫРЖАН

Қазақта қарашаңырақ атты үлкен ұғым бар. Кейде бір үйдің жалғыз баласы қанша жерден зейіні болып, дарыны тасып тұрса да, қарашаңырақты қимай, ауылда егіс алқабында жұмыс істеп қалады. Міндетті түрде егіс алқабы емес, ауыл шаруашылығында механизатор, мектепте мұғалім, емханада дәрігер болып қалуы мүмкін. Әйтсе де, ол зейіні мен талабының арқасында әлемді жаулап, биіктерді де енсеруі ғажап емес еді...



Ауылда жеңгіміз бар. Тарих пәнінен сабақ береді. Қарапайым ауыл мұғалімі. Қалада үлкен жерлерде жүріп, біз ғылым докторларымен, профессорлармен жұмыс істескенде, сол жеңгіміз ойымызға орала береді. Он ғылым докторын орап алатын білімі мен тәжірибесі бар. Бірақ соның бәрін ол ауыл балаларының білім алуға ынта-ықыласын арттыруға, жоғары сынып балаларын ғылым жолына бағыттауға жұмсап жатыр. Қандай тамаша! Мұндай алтын әріппен жазылуға тиіс ұстаздар жетерлік.

Мектепті тәмамдай сала арман қуып, Алматыға аттанғанмын. Ойда – сан мың арман, қолда – Алматыға билет. Осылайша оқу оқыдық, жұмыс істедік. Алақандай ауылдан шығып, ақбасты Алатаудың баурайынан ту тіктік. Алдымда асқар тау ағам бар, ол да осы қалада орналасты. Ауылда қалған ата-анам қартайды. Не істеу керек?! Мал-жанды қолға алу керек, қартайған әке-шешені бағу керек. Бір сәтте шешім қабылдап, туған ауылдан бір-ақ шықтым. Бірақ, қол қусырып, қарап отырмын. Өйткені, менің таңдаған мамандығыма ауылда жұмыс жоқ. Жұмыссыздар армиясының қатарын толықтырдым. Әйтпегенде, үлкен бір фирма басшысының экономика жөніндегі орынбасары едім.

Елге келген соң не күтеді?! Өрине, маған ауыл әкімі болудан басқа нұсқа жоқ. Ал ауыл әкімі ол жерді оңайлықпен босататын адам емес. Не мұғалім емесің, не дәрігер емесің. Өмірлік жарым дәрігер еді, бірақ алақандай ауылдағы амбулаториядағы апайлар зейнетке шығамын дегенше ол тіпті ине шаншуды да ұмытып қалады. Ал маған қалғаны не егін егесің, не мал шаруашылығымен айналысасың. Қарашаңыраққа қайта оралғанда мені осы мәселелер күтіп тұрды. Бүгініме шүкір айтатын адаммын, бірақ мәселеге шынайы қарау керек шығар...

Елдегі жастар қарашаңыраққа келерде мына нәрсені ұғыну керек. Мамандық таңдағанда ол шын мәнінде ауылда қалатын болса, елде қандай мамандыққа мұқтаждық бар, соны біліп алу керек.

Бірақ ауылда мұқтаждық жоқ, тек бір маманмен бір нанды бөліп жеп, орналасасың. Сосын ары қарай тіршілігіңді жалғайсың. Екіншіден, кәсіп ашуға бейім болу керек. Елге не керек деген сауалға жауап іздей алсаңыз, жеткілікті. Наныңыз жүруі бек мүмкін.

Мемлекеттің жеңілдігін пайдаланып, төмен пайызбен беріліп жатқан несиеден несібе теремін деп шештім. Құжат дайындап, қолға қаржы тиген соң малдың жартысын көбейтуге, қалған бөлігін бордақылауға реттедім. Осылайша, тірлігімді жүргізіп, кәсібімді кеңейте бастадым. Жеті жылда несиемді жапқанда қолымдағы мал менің балаларымның жағдайын жасауыма жетті. Иә, мен өзгелер тәрізді сауық-сайран құрып, кафе жағалаған жоқпын. Артылған ақшама сауын сиыр алдым, жарым оны сауып, құрт қылды. Ет алған адам құрт та алады, осылай кәсіпті кеңейте түстім.

Иә, мен Алматыда жүргенімде үлкен бір компанияның таптырмас маманы едім. Өзім жылы әрі таза жерде еңбек еттім. Табысым да жоғары болатын. Бірақ оның игілігін мен және отбасым ғана көрді. Ал елге не бердім деген сауал қойылса, тосылып қалатындай жағдайда болатынмын. Ал қазір ше?! Қазір менің кішкентай әлемімде үлкен жаңалықтар болып жатыр. Ойлаңызшы, мен таза әрі сапалы ет өнімін тұтыншыларға өндірушіден тікелей апарып жатырмын. Оған қоса, таза сүт өнімдерін мысалға алсаңыз болады. Әрі отбасымын әлеуметтік жағдайын көтеріп жатырмын. Отбасы мүшелері экологиялық таза азық-түлік тұтынады.

Ендігі менің үлкен арманым – туған ауылымның халқына не қажет болса, соның барлығы осы ауылда өндірілсе деймін. Мемлекет басшысы айтқан, өндірісті дамытуды өз ауылымыздан бастасак, әркім өзіне керегін өзі тұтынса, қаражат елде қалса, эконимиканың жақсаруы деген осы емес пе?!

Айсұлтан БАТЫР

Бұл жолғы тойдан демалып қайттым. Тойдан демалып қайтқаны несі деп, ұқпай отырған боларсыз. Тойдың талайын көрдім. Бірақ бұл жолғысы естен кетпестей болды. Естен кетпейтіні бір сұмдық әртістер болғанынан емес, тойдың өту процесі ерекше ұнады. Той Ақтөбе қаласында болған еді...



ОЙ САЛҒАН ТОЙ

Тойдың басталысынан-ақ бір ерекше әсер болды. Кәдімгідей әрқайсысын өз орындарына жайғастырып жатқан асаба «Жана құдала, төрлетіңіздер» деп төрге шығарды. Жаңа құдалар сыпайы, салмақты, байыпты көзқараспен төрге бастады. Өз орындарына жайғасты. Біздіңше, біреу-міреу «мына құдалардың көңіл-күйі жоқ екен» деп қалуы ғажап емес. Сөйтсек, жаңа құдалар солай төрге шығады екен. Ал біздіңше қалай? Жолдан келді ме, шаршап келді ме, көңіл-күйі жоқ па қарамайды, алдына шыға салып, «Қане, құдалар, биге» деп, жағадан алып, ортада қып-қызыл би етеді. Танысып-біліспеген, бір-бірін енді көрген жанның өзін қолынан сүйрелеп ортадан бір-ақ шығарамыз ғой біз. Ал мұнда әр нәрсенің өз орнын болып жатқанына тәнтімін.

Ашы суға келсек, «бұл тойда ішпегенде қайда ішесің» деп, аузына құйып, қылқылдап төбеңнен төніп, «зорлап» жатады ғой бізде. Оларда керісінше, алдына бәрін қояды, ішкің келе ме, жегің келе ме ерік өзінде. Той иесі де ана үстелге бір, мына үстелге бір жүгіріп шаршамайды. Той иесі салмақты қалпын бұзбай, асабаның жанында кімнің кім екенін айтып, кеңес беріп тұр. Ал бізде ше?! «Әй, Пәленше, сен ана үстелге соғыстыруға бардың, бізге неге келмедің?» деп, ренжіп, өкпелеп, көшке берген тайлағын қайтып алып жатады. Содан той иесі келген жұрттың қас-қабағына қарап, ренжіп қала ма деп зыр жүгіріп жүргені. Сонда біз өзімізді өзіміз шаршатады екенбіз ғой. Тойға барып, демалып қайтқанымыз есімде жоқ. Бірақ Ақтөбедегі тойдан кәдімгідей демалып қайттым.

Айтпақшы, біздің тойларда тілек айтарда біреуі біреуіне сілтеп, микрофоннан қашып жүреді ғой. Мұндағылар қанша масайса да, сөзі түзу қалыппен жақсылап тілегін айтып тарап жатты.

Әсіресе, тойдың соңында қалта-қалта кампитты жинап қайтып бара жататын апалар бар ғой бізде. Мұнда мүлдем басқаша. Бір адам қолына бір кампит ұстап шыққан жоқ. Сонда біздегі той мәдениеті әлі де қалыптаспағаны ма?!

«Ауылдан шықпағанның ойы ауласынан аспайды» деген сөз бар. Бұрын-соңды сыртқа шықсам да, өзге өңірдің тойына қатысып көрмеген соң, мұндайды білмейді екенмін. Бірақ осы Ақтөбенің тойында көзім ашылғандай болды.


Оқырман ойымен санасатын басылым ретінде жазып отырмын. Қазақтың қазақтығы мен азаттығы мәңгі сақталса деймін. «Ел боламын деп, бесігін түзеп», еңсесін тіктеген еліміздің қай қырынан қарағанда озық болып, көш бастағаны маңызды. Ұлтымыз өзінің болмысынан ажырамауы керек қой. Отыз күн ойын, қырық күн тойын жасаған біздің қазақем тойда мәдениетсіздік пен бос ыржың, арзан күлкіге айналдырмаса керек-ті. Қазіргі біздің тойларда ортаға шығып, іш киімі көрініп, ұзыннан сұлап жатқан әйел де, еркек те бар. Той мәдениетіне ойланатын кез келген тәрізді.

Бірей ай бұрын Қызылордадағы тойда болдым. Асаба білгенін жасап жатыр екен. Ірі денелі әйел кісі үнді биіне билеймін деп, жігітке жүгіріп бара жатып шалқасынан құлады. Етегі ашылып, ел-жұртқа масқара болды. Ана ашы су деген нәрсе оның ұятын өлтіріп тастаған-ау... Жұрттың жүргеніне қарап, жақсы өнер көрсетіп күлмін деп ойлаған сияқты. Одан сайын белсене түсті. Ұялағанымыздан теріс қарадық...

Иә, мәдениет қай жерде де өзінің орнын байқатты. Тойдағы мәдениет қашан да төрде болғаны дұрыс.

Олжас ЖАЛҒАСҰЛЫ,
Қызылорда қаласы

◀ 9 ТАМЫЗ – ҚҰРЫЛЫСШЫЛАР КҮНІ



«Адамға үй ғана емес, өмір сүруге қолайлы орта керек». Бұл қағида бүгінде елімізде жүзеге асырылып жатқан әрбір әлеуметтік әрі инфрақұрылымдық жобаның өзегіне айналды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халықтың өмір сапасын жақсартуды мемлекеттік саясаттың басты бағыты ретінде айқындап келеді. Соның нақты көрінісі – еліміздің барлық өңірінде бой көтеріп жатқан жаңа тұрғын үйлер, заманауи ауруханалар, мәдениет ошақтары мен қоғамдық кеңістіктер арқылы танылады. Сыр өңірінде де бұл бағыттағы бастамалар қарқынды жалғасуда. Қызылорда қаласы кейінгі жылдары тек сәулеттік келбетімен ғана емес, әлеуметтік инфрақұрылымының қарқынды дамуымен де ерекшеленеді. Қалада салынып жатқан тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандар өңірдің жаңа тынысын айқындайтын маңызды жобаларға айналған. Жасында Премьер-министрдің бірінші орынбасары Нұрлыбек Нәлібаев Мемлекет басшының тапсырмасымен жүзеге асырылып жатқан әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобалардың құрылыс барысымен танысты. Бұл – тек кезекті жұмыс сапары ғана емес, Президент жүктеген тапсырмалардың орындалуын бақылауға бағытталған маңызды іссапар болды.

ҚҰРЫЛЫСШЫ – ҚАЛА КЕЛБЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРАТЫН МАМАН

маман бүгінде тоғыз қабатты тұрғын үй кешенінде ИТР-прораб қызметін атқарады. Оның айтуынша, жұмыс күні таңғы сағат тоғызда жоспарлау жиналысынан басталады.

– Әр күнді жоспарлау жиналысымен бастаймыз. Сол жерде нақты бөліністер жүзеге асады. Кейін құрылыс алаңын толық аралап, сапаны тексереміз. Әр жұмысшының қауіпсіздік талаптарын сақтауын бақылаймыз. Құрылыс – тәртіпті талап ететін сала. Мұнда кез келген ұсақ қателік үлкен қауіпке алып келуі мүмкін, – дейді Азамат.

Жас маманның пікірінше, құрылыс саласындағы ең маңызды қағида – қауіпсіздік.

– Біз үшін бірінші орында – адам өмірі. Әр жұмысшы өзінің де, әріптесінің де қауіпсіздігіне жауапты болуы керек. Сондықтан техника қауіпсіздігі күн сайын қатаң бақыланады, – дейді ол.

Сонымен қатар Азамат құрылыс саласында адамдармен дұрыс қарым-қатынас орнатудың да үлкен маңызға ие екенін атап өтті.

– Құрылыс – үлкен ұжымдық жұмыс. Әртүрлі мамандармен күн сайын байланыста боламыз. Кейде ең үлкен қиындықтың өзі техникалық мәселе емес, адамдармен ортақ тіл табысу болып жатады. Бірақ жақсы нәтиже – жақсы команданың жемісі, – дейді жас прораб.

Азаматтың айтуынша, бүгінде құрылыс саласына жастардың келуі азайып барады. Бұл – алаңдататын мәселе.

– Шын мәнінде, құрылыс саласы тек қара күшке негізделген мамандық емес. Бұл – инженерлік ойлау, ұйымдастырушылық қабілет, жауапкершілік пен кәсібилікті қатар талап ететін сала. Сондықтан жастардың құрылыс мамандықтарына қызуғышылығын арттыру – уақыт талабы, – дейді жас маман.

Құрылысшы еңбегі – ел болашағына салынған инвестиция

Қай кезеңде болмасын құрылыс саласы елдің экономикалық даму деңгейін айқындайтын негізгі салалардың бірі болып саналады. Жаңа тұрғын үйлер – халықтың тұрмыс сапасын жақсартса, ауруханалар – денсаулықты нығайтады, мектептер мен мәдениет нысандары – ұлттың болашағын қалыптастырады. Ал осының барлығының бастауында күн сайын маңдай терін төгіп жүрген құрылысшылардың адал еңбегі жатыр. Құрылыс алаңындағы әр жұмысшы, инженер, прораб, кран жүргізушісі немесе дәнекерлеуші өз міндетін мінсіз атқарғанда ғана қауіпсіз әрі сапалы ғимарат бой көтереді.

Құрылысшылар күні – тек кәсіби мереке ғана емес, қоғам игілігі үшін аянбай еңбек етіп жүрген мыңдаған маманға көрсетілетін құрмет. Сапалы құрылыс, биік-

биік ғимараттар, сәулеті келіскен орындар – құрылысшылардың еңбегі. Бұл мамандық қиын болып көрінгенімен, осындай нәтижелерімен қуантатыны анық. Құрылыс саласындағы әрбір маман өз ісіне жауапкершілікпен қарайтыны белгілі.

Қызылордадағы бүгінгі қарқынды құрылыс – Мемлекет басшысы айқындаған әлеуметтік саясаттың нақты нәтижесі. Ал бой көтеріп жатқан тұрғын үйлер, денсаулық сақтау мекемелері, мәдениет нысандары мен жасыл аймақтар – Сыр өңірінің жаңа келбетін қалыптастыратын маңызды жобалар.

Ең бастысы, бұл нысанның барлығы халықтың игілігі үшін салынуда. Сондықтан құрылысшының әр қалаған кірпіші – ертеңгі күннің берік іргетасы, ал олардың еңбегі – ел болашағына салынған ең сенімді инвестиция.

Құрылыс саласының қоғамдағы орны

Құрылыс саласы – кез келген мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуының басты көрсеткіштерінің бірі. Сыр өңірінде жүзеге асырылып жатқан тұрғын үй құрылыстары халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған нақты қадамдардың бірі болып табылады. Президент саябағы аумағындағы тұрғын үй кешені де осы бастамалардың жалғасы. Бұл жоба жаңа пәтерлермен қатар жайлы өмір сүру ортасын қалыптастыруға бағытталған. Құрылыс жұмыстары белгіленген кестеге сәйкес жалғасып, мамандар сапа мен қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтауда. Құрылыс саласындағы әрбір жұмысшының орны маңызды. Бір маманның жауапкершілігі екіншісінің еңбегімен ұштасып, нәтижесінде сапалы тұрғын үй бой көтереді. Сондықтан құрылыс – тек техникалық процесс емес, кәсіби үйлесім мен жауапкершіліктің көрінісі. Жастардың бұл салаға қызығушылығын арттыру маңызды, өйткені елдің болашақтағы инфрақұрылымын қалыптастыратын да – бүгінгі жас мамандар. Бүгінде Қызылорда қаласында бой көтеріп жатқан тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандар өңірдің дамуына тың серпін беруде. Бұл жұмыстар халықтың өмір сүру сапасын арттырып қана қоймай, жаңа жұмыс орындарының ашылуына, қаланың сәулеттік келбетінің жанаруына ықпал етеді. Әрбір қаланған кірпіштің артында құрылысшының маңдай тері мен қажырлы еңбегі жатыр. Сондықтан құрылысшы мамандығына деген құрмет әрдайым жоғары болуы тиіс.

Фарица ТӨРЕХАНОВА,
Суретке түсірген
Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

Президент саябағындағы жаңа тұрғын үйлер

Жұмыс сапары барысында делегация алдымен Президент саябағы аумағында салынып жатқан тоғыз қабатты он бес тұрғын үйдің құрылысымен танысты. Мұндағы бас мердігер – «Мелиоратор» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. Тұрғын үй кешенінде 945 пәтер қарастырылған. Бұл үйлер қарапайым халықтың баспаналы болуына мүмкіндік береді. Қазіргі таңда құрылыс жұмыстарының шамамен 70 пайызы аяқталған. Он бес тұрғын үйдің төртеуінің құрылысы толық аяқталуға жақын. Жоспар бойынша алғашқы үйлер келесі айда пайдалануға беріледі.

Осы күні құрылыс алаңында 650 жұмысшы еңбек етуде. Сонымен қатар 30-ға жуық арнайы техника жұмылдырылған. Бір қарағанда алып механизмдердің үздіксіз қозғалысы, құрылысшылардың үйлесімді еңбегі үлкен бір өндіріс орнын еске түсіреді. Әр маман өз міндетін нақты атқарып, ортақ мақсатқа үлес қосып келеді. Бүгінде сылақ жұмыстары, ішкі әрлеу, есік орнату, инженерлік желілерді іске қосу секілді соңғы кезеңдегі жұмыстар қарқынды жүргізілуде.

Қоғамдағы ең жауапты мамандықтың бірі – құрылысшы

Құрылысшылар күні қарсаңында біз де Президент саябағындағы тоғыз қабатты тұрғын үй кешеніне барып, құрылыс барысын өз көзімізбен көрдік. Бірнеше сағат бойы құрылыс алаңын аралап, мамандардың күнделікті жұмысымен таныстық.

Құрылыс сырттай қарағанда тек бетон мен темірден тұратын қарапайым жұмыс секілді көрінгенімен, оның артында үлкен жауапкершілік, нақты жоспарлау, инженерлік есеп және қауіпсіздік талаптары жатыр. Осы жұмыстардың басы-қасында жүріп, тұрғын үйлердің қалай бой көтеріп жатқанын бақылау – құрылыс саласының күрделілігін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Инженердің бір күні қалай өтеді?

Құрылыс алаңында біз өндірістік техникалық бөлімнің инженері қызметін атқаратын Бексұлтан Әмірбековпен тілдестік. Ол қазіргі құрылыс барысы туралы кеңінен әңгімелеп берді. Оның айтуынша, бүгінде нысандағы жұмыстар белгіленген кестеге сай жалғасып жатыр. Құрылыс қарқыны жоғары.

– Қазіргі таңда негізгі құрылыс аяқталып, әрлеу жұмыстарының кезеңіне көшкен. Мамандар сылақ жұмыстарын жүргізіп, есіктерді орнатуда. Инженерлік желілерді іске қосу да қатар жүзеге асырылып келеді. Ендігі мақсат – сапаны сақтай отырып, белгіленген мерзімде тұрғын үйлерді пайдалануға беру, – дейді Бексұлтан Әмірбеков.

Инженердің айтуынша, мұндай ірі жобаның уақытында аяқталуы – барлық маманның үйлесімді еңбегіне байланысты.

Тұрғын үй кешеніндегі 945 пәтердің салыну үлгісі соңғы уақыттағы сұраныстағы ие үлгіде жасалуда.

– Ішкі көрінісі жарық, кең бөлмелі, соңғы үлгідегі тоғыз қабатты үйіміз халықтың көңіліне шығады деген үміттеміз, – дейді инженер.

Құрылыс алаңында бүгінгі күні жұмыла қызмет жасап жатқан 650 жұмысшының бір күндік жоспары, қауіпсіздік ережелері міндетті түрде жүріп отырады. Оған қоса құрылысқа 30-ға жуық арнайы техника жұмылдырылған, осы техникалармен жұмыс



жасау ережелері таныстырылады. Құрылысшылардың үйлесімді еңбегі жұмысымыздың сәтті және жақсы нәтижемен аяқталуынан көрінеді. Олар өздеріне жүктелген міндеттерді жауапкершілікпен орындап, ортақ іске сүбелі үлес қосуда. Бүгінде нысанда құрылысшылардың өз істеріне деген жауапкершілігі арқасында қарқынды жұмыстар жүріп, құрылысымыз ойлағаннан да жақсы нәтиже көрсетуде, – деп сөзін аяқтады инженер Бексұлтан.

Жас маманның жауапкершілігі

Құрылыс алаңындағы жас мамандардың бірі – Азамат Нәлібаевпен де әңгімелестік. Үш-төрт жылдан бері осы салада еңбек етіп келе жатқан жас



БАСЫ 1-BETTE

– Берік Серікұлы, ашығын айтуымыз қажет, «Қайсар» қыздарының соңғы ойындары жанкүйерлерге қуаныш сыйлап тұр. Әрбір тур сайын жеңістің жағымды жаңалығы жетіп, тілекші болып отырмыз. Әңгімені команданың қазіргі турнирлік кестесінен бастасақ. Бұл нәтиже сіз күткендей ме?

– Арнайы сұхбат алаңына шақырып, шынайы тілекші болып жатқандарыңыз үшін «Ақмешіт жастары» ұжымына шынайы алғысымды білдіргім келеді. Қаламдарыңыз мұқалмай, еңбектеріңіздің жемісін көріңіздер.

Енді сауалға келетін болсақ, расымен қазіргі үшінші орын – қыздардың күнделікті еңбегінің жемісі. Бұған дейін де жыл сайын жоғары нәтиже көрсетіп, алдыңғы қатардан көрініп жүрдік. Бұл жолы да солай, үшінші орынды қанағат тұтып, тоқтап қалмаймыз. Жалпы, менің және команданың мақсаты бір. Ол – әр ойында сапалы ойын көрсетіп, мүмкіндігінше жоғары орын үшін күресу. Чемпионат әлі жалғасып жатыр, сондықтан негізгі бағамызды маусым соңында береміз. Сонымен қатар жергілікті жас ойыншыларды дамытып, олардың деңгейін көтеру біз үшін өте маңызды.

– Былғы «Қайсар» қыздарының ойын мәнері өткен маусымнан несімен ерекшеленді?

– Балкер үшін әр ойын маңызды. Әрбір қарсыласқа алдын-ала тыңғылықты дайындық жүргіземіз. Қорғаныста сауатты өнер көрсетіп, шабуылда ұтымды шешім шығаруға үйретіп отырамыз. Биылғы жылы допты бақылауға, ойынды өзіміз басқаруға және шабуылды саналы түрде құруға көбірек көңіл бөліп жүрміз. Ойыншыларға алаңда тек берілген тапсырманы орындау емес, жағдайды бағалап, өз бетінше дұрыс шешім қабылдау талабын қоямыз.

Шынында алаңдағы жағдай тек ойыншыларға белгілі ғой. Сосын алаңның жиегінде тұрып әрбір сәтті бақылап отырған бізге мәлім. Қазіргі футболда команда доппен де, допсыз да біртұтас әрекет етуі керек. Допты жоғалтқан сәтте қорғаныс, ал допты жеңіп алған сәтте шабуыл басталады. Команда осы ауысуларға әрдайым дайын болуы қажет.

– Былғы маусымдағы ең сәтті матч қайсы болды? Ал ең өкінішті ойын қайсы?

– Әр жеңістің өзіндік маңызы бар. Кейбір кездесулерде нәтиже қуантса, кейбірінде команданың мінезі мен ойын сапасы ұнады. Әрбір үйдегі ойындарда мүмкіндігінше ұпай жоғалтпауға тырысамыз. Олардың барлығы мен үшін сәтті болды. Ал жеңілген ойындар – біз үшін сабақ. Мен оларды тек өкініш деп емес, қай бағытта дамуымыз керектігін көрсететін тәжірибе деп қабылдаймын және соған сай әрі қарай қозғалыс жасаймын. Айта кету керек, менің де айналада шоғырланған балкерлік құрам бар. Олардың барлығы әр күн сайын өзгерістерге дайын. Құрамның толыққанды ойындарға дайын болуын назарда ұстайды. Сондықтан бірге ауызбіршілікпен атқарылып келе жатқан жұмыстың да нәтижесі түбінде жақсы жемісін береді деп сенемін.

– Жалпы, Қазақстан чемпионатында Шымкент қаласының БНИК командасы мен Ақтөбелік қыздардың басымдылығы айқын көрінеді. Себебі құрамында легионер ойыншылар бар. Алдағы уақытта Қайсардың қыздар құрамасына легионер қосу жоспарда бар ма?

– Рас. Бұл екі команда туралы көп айтуға болады. Еурокубокта бақ сынап, тәжірибе жинақтаған ұжымдар. Құрамындағы легионерлер де сәтті өнер көрсетіп келеді. Ал шындығына келетін болсақ, сапалы легионер команданың деңгейін көтере алатынын сіз де жақсы білесіз.

Бірақ біз үшін тек шетелдік ойыншы алу мақсат емес. Егер командаға нақты пайдасын тиізетін, бәсекелестікті күшейтетін футболшы болса, әрине, қарастыруға болады. Тағы да айтамын, біз үшін маңыздысы өзіміздің жергілікті қыздарды дамыту басты бағыттардың бірі болып қала береді. Ал ол үшін жұмысты жоғары деңгейде алып жасай беремін.

– Был құрамда айқын көзге түсіп жүрген ойыншылар бар. Негізгі командадағы көшбасшы

кім? Жас ойыншыларға көп сенім артасыз ба?

–Қандай жұмыс болмасын бірлік болған кезде жемісін береді. Сол секілді команда бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарғанда ғана қалағанына жетеді. Сондықтан мен командамда бір ғана ойыншыны «көшбасшы» деп бөліп айтқым келмейді. Өйткені, олар – бір ұжым, бір отбасы. Өзгелер секілді бізде де тәжірибесімен, мінезімен немесе алаңдағы әрекетімен команданы алға сүйрейтін бірнеше футболшы бар. Олар өздерін алаңда қалай, одан кейін қалай ұстау қажет екенін жақсы біледі. Кейінгі буын жас ойыншыларды да жаттығу барысында бақылап, ақырын құрамға қосуға болады. Яғни, жас ойыншыларға міндетті түрде мүмкіндік береміз. Бірақ мүмкіндікпен бірге жауапкершілік те болуы керек. Сол үшін психологиялық тұрғыдан да жан-жақты дайындап, алаңда еркін қозғалып, қысымда қалмауын ойлап отырамыз.

– Матч алдында ойыншыларға не айтасыз? Сондай-ақ жеңілістен кейін команданы қалай қайта жігерлендіресіз?

– Үйдегі ойындарға тұрақты келуші жанкүйерлердің бірі өзіңіз. Ойын алдындағы киіну бөлмесіндегі

киіну бөлмесінде ең алдымен қыздарға өзіміздің жұмысымызға, ортақ жеңіске сенуді айтамын. Қарсыластың атына немесе турнирдегі орнына емес, өз ойынымызға назар аударуымыз керек екенін жеткіземін. Ал жеңілістен кейін эмоциямен бір-бірімізден кінә іздемейміз. Кездесуді талдаймыз, катені анықтаймыз, сабақ аламыз да әрі қарай жүреміз. Жеңіліс бізді әлсіретпеуі, керісінше күшейтуі керек. Жаман болдық па, бәріміз жаманбыз. Жақсы болдық па, бәріміз жақсымыз.

– Ұзақ жылдар бойғы білікті балкер ретіндегі тәжірибенізге сүйене отырып әйелдер футболына қызығушылық неге әлі де төмен екендігіне тоқталсаңыз.

– Қысқа-нұсқа, менің ойымша – мәселе футболдың сапасында емес, оны халыққа дұрыс жеткізуде. Әйелдер футболын көбірек насихаттау, матчтарды көрсету, әлеуметтік желілерде контентті көбейту, мектептермен жұмыс істеу қажет. Қыздар футболын халық көбірек көрген сайын қызығушылық та артады.

– Ендеше, әйелдер футболына жеткілікті көңіл бөлінбей жатыр деген пікірге



– Әрине, командаға жанкүйерлердің қолдауы үлкен септігін тигізеді. Өздерін алаңда еркін сезініп, артында тұрған үлкен күштің бар екенін біліп, жігерленіп, жеңіс сыйлауға тырысады. Бұл әлемде дәлелденген жағдай ғой.

Ал жанкүйерлер көптеп келу үшін бірінші кезекте біз өзіміз жақсы ойын көрсетуіміз қажет. Олай болмаған күннің өзінде бәрі бекер дей беріңіз. Жанкүйер команда үшін күресіп жатқан футболшыларды көрсе, стадионға өзі үшін келеді.

Сонымен қатар бүгінгі ақпараттық әлемнің қарқыны қызу жүріп тұрған уақытта әлеуметтік желі, клубтық контент, мектептер мен жас футболшыларды матчтарға шақыру сияқты сапалы жұмыстар қажет деп есептеймін.

«Жарғақ құлағы жастыққа тимей» құрамаға қолдау көрсетіп жүрген тұрақты жанкүйерлеріміз бар. Десек те, қызылордалық жанкүйерлерді біздің қыздарға қолдау көрсетуге шақырамын. Келіңіз, өңірдің абыройы үшін жасыл алаңда терлеп жүрген жерлестеріңізге қолдау көрсетіңіз!

– «Қайсар» қыздарының тарихы әлі жазылып жатыр. Сіздің тұсыңызда сол тарихтың соңы қандай нүктемен аяқталғанын қалар едіңіз?

– Мен үшін ең маңыздысы – тек бір нәтиже немесе бір орын емес. Менің тұсымда «Қайсар» қыздары мінезі бар, өз ойын стилі қалыптасқан, жеңіс үшін соңына дейін күресетін команда ретінде есте қалса деймін. Әрине, сол еңбектің нәтижесі үлкен жетістіктермен, жүлделермен жалғасса – балкер үшін одан асқан қуаныш жоқ.

– Енді өзіңізге қатысты бірнеше сауалға тоқталсақ. Қазіргі күні жаттықтырушы болып келе жатқаныңызға қанша жыл болды? Алдағы жеке жоспарыңыз бар ма? Басқа өңірдің клубтарынан ұсыныс түспеді ме?

– Жаттықтырушылық жолда жинаған әр жылым мен үшін үлкен тәжірибе мен сабақ болды. Бұл мамандықта үнемі ізденіс, оқу және өзінді дамыту аса маңызды. Сондықтан менің басты мақсатым – кәсіби деңгейімді көтеріп, заманауи футбол талаптарына сай дамуды жалғастыру.

Қазіргі таңда бар назарым «Қайсар» қыздар

Берік САНСЫЗБАЕВ:

МЫҚТЫ КОМАНДА

ДЕҢГЕЙІНЕ ЖЕТКІЗГІМ КЕЛЕДІ

жағдайды білмеуіңіз мүмкін. Алайда ойыннан кейінгі алаңдағы жағдайды көзбен көріп жүрген боларсыз. Мен үнемі қыздарыма сенемін және олармен мақтанамын.

Жоғарыда айтып өткендей, матч алдында

көзқарасыңыз қандай? Ал қазіргі күні сіздің команданызға облыстың қолдауы қандай?

– Әйелдер футболында әлі де дамыту қажет бағыттар бар. Инфрақұрылым, балалар футболы, ақпараттық қолдау сияқты мәселелерге жүйелі түрде көңіл бөлу керек. Бары осы. Ал біздің командаға көрсетіліп жатқан қолдауды жоғары бағалаймыз. Сонымен бірге алдағы уақытта әйелдер футболының дамуына мүмкіндік одан әрі артады деп сенемін.

– Команданың алдағы екі-үш жылдық жоспары қандай?

– Жоспарымыз – бір маусымдық нәтиже емес, тұрақты жүйе қалыптастыру. Жергілікті футболшыларды дамыту, жас ойыншыларды негізгі командаға дайындау және чемпионатта жоғары орындарға тұрақты таласатын команда құру. Әр жыл сайын бір қадам алға жылжуымыз керек. Жылдар бойы осы салаға тереңірек үңіліп, жетістікке жетуді қаладық және сол үшін еңбек етіп келеміз. Енді біз қалаған күндер жақындап келеді деп сенемін. Алдағы 2-3 жылда Сыр жұртын «Қайсар» командасының қайсар қыздары жағымды жаңалықпен қуантатын болады.

– Қызылордалық жанкүйерлер көбіне қыздардың үйдегі ойындарына келе қоймайды. Өзіңіз білетіндей ойыншылар үшін жанкүйердің қолдауы аса маңызды. Кезекті турларға жанкүйерлерді көптеп шақырту үшін қандай амал қолдану қажет деп ойлайсыз?

командасында. Ұжымды тек чемпионатқа қатысатын емес, жоғары мақсат қоятын, тұрақты нәтиже көрсететін, өз ойын мәнері қалыптасқан мықты команда деңгейіне жеткізгіміз келеді.

Менің үлкен мақсаттарымың бірі – «Қайсар» құрамасын Қазақстан чемпиондығына алып келу. Одан кейінгі мақсат – командамен бірге УЕФА Чемпиондар лигасына жолдама алып, Қызылорда әйелдер футболын халықаралық деңгейде таныту. Әрине, бұған жету үшін уақыт, жүйелі жұмыс, сапалы дайындық және барлық тараптың қолдауы қажет. Сәтін салып сол күнге жетсем деймін.

Басқа клубтардан ұсыныстар болуы мүмкін, футболда мұндай жағдай қалыпты. Бірақ қазіргі таңда мен үшін ең маңыздысы – «Қайсармен» бастаған жұмысымды жалғастыру, командамен бірге өсу және алдымызға қойған мақсаттарға жету.

Балкер ретінде алға қарай қадам бас жалғаса береді. Десек те жеке басымнан бұрын мен үшін команданың жетістігі маңызды. Егер «Қайсар» чемпион атанып, Чемпиондар лигасында ойнайтын деңгейге жетсе, бұл мен үшін де, ойыншылар үшін де, жалпы Қызылорда футболы үшін де үлкен жетістік болар еді.

– Арнайы уақыт бөліп, ашық әңгіме өрбіткеніңіз үшін рақмет. Қыздардың бағындырар белесі көп болсын! Жеңісті күндерде жолығайық!

Әңгімелескен Абзал ЖОЛТЕРЕК

